bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2017

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# Сөз тіркесі

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 07.11.2017 | https://bilimger.kz/20338/ |

**АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қазақ тілі** | Уақыты: | Кабинет: | Мұғалім: |
| **Сабақтың атауы** | **Сөз тіркесі** | | |
| **Сілтеме** | Қазақ тілі оқулығының әдістемесі | | |
| **Сабақтың жабдығы** | Білімділік: оқушылардың сөйлемдегі сөздердің байланысы туралы түсініктеріне сүйене отырып, сөз тіркесімен таныстыру. Сөз тіркесінің түрлері туралы алғашқы түсінік беру. Сөз тіркесін құрастыра отырып, олармен сөйлем құрауға дағдыландыру; | | |
| **Жалпы мақсаттар** | Дамытушылық: алған білімін іс жүзінде қолдана білу арқылы ой — өрісін дамытып, өз ойын толық жеткізе білуге баулу, сөздік қорын молайту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, оқушылардың топпен жұмыс істеу, есте сақтау, зерделеу қабілеттерін дамыту;<br>Тәрбиелік: оқушыларды сауаттылыққа, дұрыс мәдениетті сөйлей білуге, жылдамдыққа, ұқыпты таза жазуға, Отанын сүюге тәрбиелеу.<br>Сабақтың көрнекілігі: оқулық, ойын құралдары, деңгейлік тапсырма, | | |
| **Оқыту  нәтижесі** | үлестірме қағаздар, ереже, т.б. | | |
| **Топқа бөлу** | Сыныпты жыл мезгілдеріне қарай төрт топқа бөлу. Күз айында туылғандар 1 — топ, қыс айында дүниеге келгендер 2 — топ, көктем айындағылар 3 — топ, жаз айындағылар 4 — топ болып бөлінеді. | | |
| Мұғалімнің іс-әрекеті | | Оқушының іс-әрекеті | |
| **Ынтымақтастық атмосферасы** | «5»болсын алар бағамыз.<br>Біліммен бақыт табамыз<br>Өнерменен өрістеп<br>Өсе берсін санамыз<br>Мақсатымыз білім алу,<br>Міндетіміз еңбек ету. | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | |
|---|---|
| **Үй тапсырмасын сұрау** | **Тест жұмысы.**<br>**1**) Алдыңғы сөз соңғы сөзге бағына байланысқан екі не одан көп сөздер тобын …………….. дейміз.<br>а) сөйлем мүшесі<br>ә) сөз тіркесі<br>б) күрделі сөз<br>2) Сөйлемдегі сөз тіркесінің байланысын сызба түрінде көрсет<br>а) сыныптың тазалығы жақсы<br>ә) жетінші пәтерде тұрады<br>3) Берілген сөз тіркесін толыққанды етуге жетпей тұрған граматтикалық тәсілді тауып, сөз тіркесін толықтыр.<br>Жақсы…. сөзі, ғалым… хаты, жүн…. тоқу. |
| **Қызығушылықты ояту** | Оқулықтағы тапсырмаларды орындау.<br>Берілген жаттығуларды топтарға бөліп орындау.<br>Қосымша шығармашылық тапсырмалар.<br>Сөз тіркесінің қай сөз таптарынан жасалғанын анықтау<br>*«Тіркесін тап» ойыны*<br>Кодоскопта жазылған сөздерге ауызша тіркестерін тапқызу.<br>Өзен,төсек,көбелек,<br>*«Ойлан тап» ойыны*<br>Карточкалармен жұмыс.<br>*Сұрақтар:*<br>1.Отан туралы мақал айт.<br>2.Қазақтың үш биін ата.<br>3.Бишілер сөзін сөз құрамына талда<br>4.Қазақстанның жер көлемі қанша?<br>5.Қазақстан қай мемлекеттермен шектеседі?<br>6.Өзім сөзден тұрамын,аяқталған ойды құрамын.<br>— Қандай сөз шықты? (Республика күні) |
| **Мағынаны тану**<br>**Мәтінді тізбектеп оқу** | — Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қашан қабылданды?<br>— Қазақ КСР-і қай уақыттан бастап Қазақстан Республикасы деп атала бастады?<br>— Тәуелсіздікке байланысты қандай өлеңдер білесіңдер? (жатқа айтқызу) |
| **Сергіту сәті** | Еркін ұста денеңді,<br>Тарсылдатпай еденді<br>Орнымыздан тұрып ап<br>Жүгірейік бір уақ.<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш.<br>Аяқты алға созайық<br>Тік көтеріп, қозғайық.<br>Тым сылбыр да болмайық<br>Алға қарай озбайық.<br>Бір, екі, үші, бір, екі, үш. |
| **Ой толғаныс** | *«Кім шапшаң?» ойыны*<br>Ол үшін үлгі бойынша сөз тіркесін құрау керек.3 қатарға бөліп ауызша өткізу.<br>Зат есім+етістік<br>Сын есім+зат есім<br>Сан есім+зат есім |
| **Үй тапсырмасы** | Оқулықтағы тапсырмаларды орындау,ереже жаттау    Күнделіктеріне жазады |
| **Бағалау** | Бағалау парақшаларын толтыру. |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.